

\*4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні

## Азат елдің АЙБАРЫ

Патриотизм – туған жердің топырағынан бастау алатын ұлы сөзім. Ол кіндік қаның тамған мекенге, балалық шағың өткен ауылға, алғашқы қадамыңды нық басқан алтын ұя мектебіңе деген сағыныш пен құрметпен құралады. Қайда жүрсе де туған топырағын жүрегіңнің төрінен түсірмей, елге қызмет етуді перзенттік парызы санайтын азаматтар – ұлттың шынайы тірегі. Туған жерге деген осындай адалдықтың жарқын үлгісін жуырда Құрманғазы ауданындағы Нұржау ауылының азаматтары көрсетті. Олар ауылға еңселі Тұтұғыр орнатып, Рәміздер стелласын тарту етті. Бұл – қасиетті Жұзарал жерінде бой көтерген алғашқы Тұтұғыр ғана емес, елдік пен ерлікке тағзым өткен ұрпақтың отансүйгіштік рухының көрінісі.

(Толығырақ 4-бетте)



\*Өңірлік даму

## Атырауда мұндай кешен болған жоқ

АТЫРАУДА 1500 ОРЫНДЫҚ «АТЫРАУ АРЕНА» СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ САЛЫНАТЫН ЖАҢА НЫСАН «НҰРСАЯ» ШАҒЫНАУДАНЫНДА 4,6 ГЕКТАР АУМАҚТА БОЙ КӨТЕРМЕК. ІРГЕТАСҚА УАҚЫТ КАПСУЛАСЫН САЛУ РӘСІМІНЕ ОБЛЫС ӘКІМІ СЕРІК ШӘПКЕНОВ, СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІ МЕН СПОРТШЫЛАР ҚАТЫСТЫ.

Облыс әкімі жаңа спорт нысаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұқаралық спортты дамыту және заманауи спорт инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында салынып жатқанын атап өтті.

– Бүгінде облыста тұрғындарды спорттық инфрақұрылыммен қамту деңгейі 71 пайызды құрайды. Өңірде спортты дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Былтыр сегіз спорт кешені пайдалануға берілсе, биыл тағы 22 нысанды ашу жоспарланған. Олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. «Атырау Аренада» 20 олимпиадалық спорт түрімен айналысуға мүмкіндік туады. Бұл кешен болашақ чемпиондарды тәрбиелейтін маңызды орталыққа айналады деп сенемін, – деді Серік Шәпкенов.

Кешен ЕРС келісім-шарты негізінде салынады. Мердігер «Әлем құрылыс» ЖШС жобалаудан пайдалануға берілгенге дейінгі толық жұмыс цикліне жауапты. Жобада әр спорт түрі бойынша халықаралық стандарттарға



сай жабдықталған заманауи жаттығу залдары қарастырылған. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін екі мыңға жуық бала мен жасөспірім тұрақты түрде спортпен шұғылдана алады.

Жоба жетекшісі Нұрсұлтан Жыланбастың айтуынша, құрылысқа 400-ге жуық жұмысшы мен 20 техника жұмылдырылады.

– Құрылысты 2027 жылғы қарашада аяқтау көзделген. Кешенде футбол, волейбол, баскетбол, жүзу, үстел теннисі, садақ ату, бокс, таэквондо, дзюдо, еркін күрес, грек-рим күресі, әйелдер күресі, семсерлесу, триатлон және өзге де спорт түрлері бойынша бөлімдер жұмыс істейді. Сонымен қатар жасанды өрмелеу қабырғасы салынады, бұл елімізде санаулы кешенде ғана бар. Бұдан бөлек халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік беретін 5000 шаршы метрлік әмбебап спорт залы болады, – деді Нұрсұлтан Жыланбас.

Бек АЙДАРӘЛИ


### ● ПАРЛАМЕНТТЕ

#### 6 Дәрменсіз жағдай. Депутаттар дабылы



### ● ҚОРШАҒАН ОРТА

#### 9 Табиғат тағылыққа төзбейді



\*Ауа райы құбылысы

## Қара балшық. Қара боти.

ЖАЗ КЕЛСЕ КҮН ТАС ТӨБЕГЕ БАЙЛАНАТЫН АТЫРАУ ҮШІН КҮНДЕГІ ЖАУЫН-ШАШЫН ҚЫЗЫҚ ҚҰБЫЛЫС БОЛДЫ. АУА ТАЗАРЫП, ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛЫП БІР ЖАСАП ҚАЛДЫ. АЛАЙДА БҰЛ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЛЫҚ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ СОРЫНА АЙНАЛДЫ. ОЛАР КҮН-ТҮН ДЕМЕЙ ШАҒАР КӨШЕЛЕРІНІҢ БОЙЫНДА СУ СОРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДЕ. ҚАЛА ӘКІМІ ДЕ ҚАРА БОТИЫН КИІП АЛЫП, ДАЛАДА ЖҮР.

Атырау қаласы әкімінің баспасөз қызметіндегілер жаңбыр суын тазарту жұмыстарына 40-қа жуық арнайы техника жұмылдырылғанын айтады. «Қазір қаладағы негізгі көшелерде, арық жүйелерінде, әлеуметтік нысандар аумақтарында, сондай-ақ тұрғындардан «109» Бірыңғай байланыс орталығына келіп түскен өтініштер бойынша тазарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Коммуналдық қызметтердің күшейтілген режимдегі жұмысы үздіксіз жүргізіледі» делінген олар берген хабарламада.

Азамат БАЗАРБАЕВ



Суреттері түсірілген Әңгіре ӘБІЛІҒ-ӘЗІЕВ